

## Тұрғын үй қоры саласында әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2024 жылғы 11 маусымдағы № 217 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 19 маусымда № 34520 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

### 1. Бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерінің үлесі туралы әкімшілік деректерді жинақтауға арналған нысандарды бекіту туралы;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес кондоминиум объектісін басқару органдарының тұрғын үй қорын сақтау және тиісті пайдалану жөніндегі қызметін бақылау бойынша тұрғын үй инспекциясының қызметі туралы деректерді жинақтауға арналған нысандарды бекіту туралы;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес авариялық үйлердің саны туралы деректерді жинақтауға арналған нысандарды бекіту туралы.

2. Қазақстан Республикасы өндіріс және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Өнеркәсіп және құрылыс  
министрінің міндетін атқарушы

А. Бейспеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы



1	2	3	4	5	6

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

Тегі, аты және әкісінің аты бар болған жағдайда

\_\_\_\_\_ қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Тегі, аты және әкісінің аты бар болған жағдайда

\_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

"Күрделі жөндеуді талап ететін  
кондоминиум объектілерінің  
үлесі туралы мәліметтер"  
әкімшілік деректерді  
жинауға арналған  
нысанға қосымша

**"Күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерінің үлесі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

1. Осы түсіндірме "Күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерінің үлесі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тиісті басқармалары толтырады және Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам тегін және аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

4. Нысан есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 қаңтар және маусымынан кешіктірілмей ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Нысан мынадай түрде толтырылады:

нысанның 1-бағанында реттік нөмір көрсетіледі;

2-бағанда Қазақстан Республикасы облыстарының және қалалардың атаулары көрсетіледі;

3-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің (ӨАОЖ) коды көрсетіледі;

"Көп пәтерлі тұрғын үй қоры" деген 4-баған 2 бөлімнен тұрады:

"Көп пәтерлі тұрғын үйлердің (бұдан әрі - КПТҮ) жалпы алаңы (мың шаршы метр)" деген 1-бөлімде өңір бойынша КПТҮ жалпы алаңы шаршы метрде көрсетіледі;

"КПТҮ саны (бірлік)" деген 2-бөлімде өңір бойынша КПТҮ жалпы саны көрсетіледі

"Онын ішінде күрделі жөндеу жүргізуді қажет ететін көп пәтерлі тұрғын үйлер" деген 5-баған 2 бөлімнен тұрады:

"КПТҮ жалпы алаңы (мың шаршы метр)" деген 1-бөлімде күрделі жөндеу жүргізуді қажет ететін КПТҮ жалпы алаңы шаршы метрде көрсетіледі;

"КПТҮ саны (бірлік)" деген 2-бөлімде күрделі жөндеу жүргізуді қажет ететін КПТҮ-ның жалпы саны көрсетіледі.

"Жөндеуді қажет ететін КПТҮ үлесі, %" деген 6-баған 2 бөлімнен тұрады:

"Жөндеуді қажет ететін КПТҮ үлесі, % (м)" деген 1-бөлімде күрделі жөндеу жүргізуді қажет ететін КПТҮ-ның алаңы бойынша КТ үлесі (баған 5/баған 2) \* 100 жалпы алаңға қатысты көрсетіледі;

"Жөндеуді қажет ететін КПТҮ үлесі, % (бірлік)" деген 2-бөлімде күрделі жөндеу жүргізуді қажет ететін КПТҮ саны бойынша КПТҮ үлесі (5 баған / 2 баған) \* 100 жалпы санына қатысты көрсетіледі.

Бұйрығына 2-қосымша

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне.

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: [www.mps.gov.kz](http://www.mps.gov.kz)

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: "Кондоминиум объектісін басқару органдарының тұрғын үй қорын сақтау және тиісті пайдалану жөніндегі қызметін бақылау бойынша тұрғын үй инспекциясының қызметі туралы мәліметтер".

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі (нысан атауының әріптік-сандық қысқаша көрінісі): № 1-ЖИ.

Кезеңділік: жартыжылдық.

Есепті кезең: 202\_ ж. Жартыжылдық.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

Аудандық маңызы бар қалалардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және

астананың жергілікті атқарушы органдарына есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 қаңтары және 15 шілдесінен кешіктірмей;

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей жібереді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы	Әкімшілік - аумақтық объектілердің жіктеушінің коды	Көп пәтерлі тұрғын үйлердің саны (бірлік)	Инспекторлардың саны	Тексерілген көп пәтерлі тұрғын үйлердің саны	Кондоминиум объектісінің басқару органға қатысты есептік тексеру саны	жоспарлы	Жоспардан тыс	“Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” Кодекстің 320-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес берілген нұсқамалардың саны
1	2	3	4	5	6	7		8

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

Тегі, аты және әкісінің аты бар болған жағдайда

\_\_\_\_\_ қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

\_\_\_\_\_

Тегі, аты және әкісінің аты бар болған жағдайда

\_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

"Кондоминиум объектiсiн  
басқару органдарының тұрғын  
үй қорын сақтау және тиiстi  
пайдалану жөнiндегi қызметiн  
бақылау бойынша тұрғын үй  
инспекциясының қызметi  
туралы мәлiметтер" әкiмшiлiк  
деректердi жинауға арналған  
нысанға қосымша

**"Кондоминиум объектiсiн басқару органдарының тұрғын үй қорын сақтау және тиiстi пайдалану жөнiндегi қызметiн бақылау бойынша тұрғын үй инспекциясының қызметi туралы мәлiметтер" әкiмшiлiк деректерiн жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсiндiрме**

1. Осы түсiндiрме "Кондоминиум объектiсiн басқару органдарының тұрғын үй қорын сақтау және тиiстi пайдалану жөнiндегi қызметiн бақылау бойынша тұрғын үй инспекциясының қызметi туралы мәлiметтер" әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған нысанды (бұдан әрi – нысан) толтыру бойынша бiрыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергiлiктi атқарушы органдарының тиiстi басқармалары толтырады және Қазақстан Республикасы өнеркәсiп және құрылыс министрлiгiнiң Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық iстерi комитетiне ұсынады.

3. Нысан былай толтырылады:

1-бағанда өңiрлердiң атауы көрсетiледi;

2-бағанда Әкiмшiлiк-аумақтық объектiлер жiктеушiнiң коды көрсетiледi;

3-бағанда көп пәтерлi тұрғын үйлер (бұдан әрi - КПТҮ), жалпы бiрлiк көрсетiледi;

4-бағанда өңiрлер бойынша инспекторлардың саны көрсетiледi;

5-бағанда тексерумен қамтылған КПТҮ саны көрсетiледi;

6-бағанда кондоминиум объектiсiн басқару органына қатысты жартыжылдықтағы тексерулер саны көрсетiледi;

"оның iшiнде" деген 7-баған 2 бөлiмдi қамтиды:

1-бағанда жоспарланған тексеру саны көрсетіледі;

2-бағанда жоспардан тыс тексеру саны көрсетіледі

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодекстің 320-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес нұсқамалардың саны" деген 8-баған 2 бөлімді камтиды:

1-бағанда кондоминиум объектісін басқару органының тұрғын үй заңнамасында көзделген жағдайларда, екінші деңгейдегі банктерде кондоминиум объектісіне арналған ағымдағы және (немесе) жинақ шоттарын ашу мерзімдерін бұзу нұсқамаларының саны көрсетіледі;

2-бағанда кондоминиум объектісін басқару органының кондоминиум объектісін басқару жөніндегі тоқсан сайынғы есеп беру мерзімдерін бұзу нұсқамаларының саны көрсетіледі

Бұйрығына 3-қосымша

### Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне.

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған:  
[www.mps.gov.kz](http://www.mps.gov.kz)

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: "Авариялық үйлердің саны туралы мәліметтер"

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі (нысан атауының әріптік-сандық қысқаша көрінісі): № 1-АвД.

Кезеңділік: жартыжылдық.

Есепті кезең: 202\_ ж. жартыжылдық.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

Аудандық маңызы бар қалалардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына есеп кезеңнен кейінгі жылдың 15 қаңтары және 15 шілдесінен кешіктірмей;

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей жібереді.

Облыстың, республикалық алық маңызы	Әкімшілік -аумақтық	Оның ішінде:	
		иесіз	Азаматтарды көшірумен

№	бар қалалардың және астананың атауы	объектілер жіктеуішінің коды	Апатты үйлердің саны	Мың шаршы метр	Үйлердің барлық саны	Мың шаршы метр	Үйлердің барлық саны	Мың шаршы метр
1	2	3	4	5				

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

Тегі, аты және әкісінің аты бар болған жағдайда

\_\_\_\_\_ қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Тегі, аты және әкісінің аты бар болған жағдайда

\_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

"Авариялық үйлердің саны туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

**"Авариялық үйлердің саны туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша тусініктеме**

1. Осы түсіндірме "Авариялық үйлердің саны туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тиісті басқармалары толтырады және Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынады.

3. Нысан былай толтырылады:

Нысанның 1-бағанында реттік нөмір көрсетіледі;

"Өңірлердің атауы" деген 2-бағанда өңірдің атауы көрсетіледі;

3-бағанда Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды көрсетіледі;

"Барлығы авариялық үйлер" деген 4-баған 2 бөлімнен тұрады:



"Үйлердің барлық саны" деген 1-бөлімде барлық авариялық үйлердің саны көрсетіледі;

"Мың шаршы метр" деген 2-бөлімде авариялық үйлердің жалпы алаңы көрсетіледі;

"оның ішінде:" деген 5-баған 2 бөлімнен тұрады:

"иесіз" деген 1-бөлімде бұзуға жататын иесіз авариялық үйлердің саны көрсетіледі, ол мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

1) үйлердің барлық саны;

2) Мың шаршы метр;

"азаматтарды көшірумен" деген 2-бөлімде бұзуға жататын авариялық үйлерден көшірілетін азаматтардың саны көрсетіледі, ол мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

1) үйлердің барлық саны;

2) Мың шаршы метр.